

**Логопед маман Мешитбаев Мархабаттың
2022-2023 оқу жылындағы атқарылған
жұмыстарының есебі**

2022-2023 оқу жылының басында жылдық жоспар құрылып, жоспарға сәйкес топтардағы балаларды бақылау барысында, сөйлеу тілінде бұзылысы бар балалар анықталып, ПМПК мамандарының тексеруінен өткізілді. ПМПК қорытындысы барысында балабақшамыздың 12 бүлдіршініне сөйлеу тілінің бұзылысы I, II, III деңгей диагноздары қойылды.

Балаларды жалпы сөйлеу тілін зерттеп, сөйлеу тілі дамымауының ерекшелігін және деңгейін ескеріп, әр балаға сөйлеу картасы толтырылды. Соған сәйкес перспектива жасалып, циклограмма жазылды.

Жоспарға сәйкес артикуляциялық жаттығулар, тыныс алу жаттығулары, ұсақ қол моторикаға арналған жаттығулар, дыбысты қою, машықтандыру, сөздің буындық құрылымын қалыптастыру, фонематикалық естуін және қабылдауын дамытуға арналған жұмыстар жүргізіледі.

Жас ерекшелігіне қарай ұсақ моториканы дамытуға байланысты жаттығулар мен түрлі ойындар пайдалана отырып, баланың сөздік қорын молайтуға септігін тигізу үшін кеспе қағаздары, суретпен жұмыс, дамытушы ойындар ойнатып, ұйымдастырылған іс-әрекет өткізіп отырдым.

Ата-аналар өтініші мен келісімі негізінде 19 балаға толықты. Кестеге сәйкес жеке және шағын топтарға түзете-дамыту жұмыс кестесі жасалды.

Логопед жұмыстарында байланыстырып сөйлеуін тексеруге арналған құрал-жабдықтар: айналар, тақта, сөйлеу картасы және көрнекіліктер пайдаланылады және тілге жасалатын артикуляциялық жаттығулармен таныстырып, жасалу жолдары айтылды. Сонымен қатар қолдың ұсақ моторикасына жаттығулар; мозайкамен жұмыстар, суреттер бояу, бау өткізу, және күнделікті тыныс алу жаттығулары жасалынады. Жоғарыда айтылып кеткен жаттығулардың барлығы да күнделікті іс-әрекет барысында жүзеге асады.

Жалпы сөйлеу тілі бұзылысымен 19 бала қабылданды, 10 бала жақсы нәтижемен тізімнен шығарылып, қалған 9 бала түзету дамыту жұмыстарын алдағы оқу жылында жалғастырады.

2022 жылы Ашық есік күні болды. «Жабайы аңдар» тақырыбында топтық жұмыс көрсеттім. Ата-аналарға кеңестер айтылып, тренинг ойындар ойнатылды.

2023 жылы Аудандық білім бөлімінің әдістемелік кабинетінің ұйымдастыруымен логопедтердің бірлестік отырысында іс-тәжірибесімен бөліскенім үшін Алғыс хатпен марапатталдым.

Қызылорда облыстық оқу орталығы әдістемелік кабинетінің ұйымдастыруымен «Ерекше білімді қажет ететін балаларды ойын арқылы дамыту» тақырыбында жұмыс көрсетіп Сертификатпен марапатталдым.

2023 жылы наурыз айының 13 мен 17 аралығында «Инклюзивті білім-келешек кепілі» атты апталық болып өтті.

Апталықта балалармен коррекциялық жұмыс барысында ойындар жүргізілді.

Ата-анаға кеңестер беріліп, жаднамалар таратылды.

Балабақша қызметкерлері мен тәрбиеленушілерге жүрекке жылу бере отырып, әдемі тілектерді тәтілермен толықтыру барысында жағымды көңіл-күй сыйлау нәтижесінде апталықты қорытындылады.